

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

**Улану кезіндегі алғашқы көмек
Кенес**

Медбике: З. Бульдешова

2025-2026 оқу жылы

Улану кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек

Улану – бұл адам немесе жануарлар организміне экзогенді химиялық немесе т.б заттардың түсу әсерінен ағзаның физиологиялық қызметтерін бұзатын, өмірге қауіп тудыратын патологиялық процесстер жиынтығы

УЛАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ:

- Тамақпен улану
- Алкоголь және дәрілік заттармен улану
- Улы химикаттармен улану
- Газбен улану
- Қышқыл және сілтілермен улану

ТАМАҚТЫҚ УЛАНУ

Жануартекті (ет, балық, шұжық, балық және ет консервілері, сүт өнімдері) бұзылған тамақты қабылдағанда тамақтық улану – тамақтық токсикоинфекция болады. Ауруды тамақ құрамындағы микробтар тудырады. Ол микробтар көбінесе тамақты әзірлегенде және азық-түлікті дұрыс сақтамағанда түседі.

ТАМАҚПЕН УЛАНУ КЕЗІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

1. алғашқы көмек жедел азқазанды зонд арқылы жуу немесе жасанды құстыру мақсатында тіл түбірін тітіркенгенше көп жылы су (1,5—2 л) беру керек .
2. асқазанды таза суға дейін шаю керек. Өзі құсқанша көп су беру керек.
3. науқастың ішегінен улы тамақты жою үшін карболен беру керек.
4. белгілі бір тамақ өнімін беруге тыйым салынады, бірақ көп су ішкізу тағайындалады

АЛКОГОЛЬ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ЗАТТАРМЕН УЛАНУ

Дәрілік заттармен улану көбінесе балаларда кездеседі, дәрілерді қол жететін оңай жерге қойғаннан балалар көп уланады. Ал ересектерде байқаусыз передозировкада, суицидтік іс-әрекет кезінде және наркомандарда кездеседі. Өте жиі ұйықтатқыш заттарды қолданғанда болады (барбамил, ноксирон, нембутал және т.б.).

Алкогольды шектен тыс қабылдағанда өлімге әкелуі мүмкін. Алкоголь жүрекке, тамырларға, бауырға және бүйрекке әсер етеді.

АЛКОГОЛЬ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ЗАТТАРМЕН УЛАНУ КЕЗІНДЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

1. дәрігерді шақыру
2. қандай зат қанша көлемде қабылдағанын, қанша уақыт өткенін анықтау.
3. асқазанды жуу, көп су ішкізу. Морфин, кодеинмен уланғанда марганцовка ерітіндісін көп ішкізу, Анальгинмен уланса лимон қышқылы ерітіндісін қодану. Егер дем алуы бұзылса жасанды дем беру. Қан айналу және дем алу тоқтаса жүрекке тікелей емес массаж және жасанды дем беру.

УЛЫ ХИМИКАТТАРМЕН УЛАНУ

Дем алғанда ауа арқылы Ингаляциялық және тамақ арқылы эндогенді жолмен ағзаға тиофос, хлорофос және т.б заттар көп жағдайда түсіп зиянды әсерін туғызып жатады.

УЛЫ ХИМИКАТТАРМЕН УЛАНҒАНДА АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Бұл кезде дәрігерге хабарлау керек немесе жедел стационарға тасымалдау керек. Жедел 6-8 тамшы 0,1% атропин ерітіндісін беру керек немесе 1-2 таблетка белладон беру керек. Егер дем алуы бұзылса жасанды дем беру. Егер асқазан ішек жолына улы зат түссе белсендірілген көмір қосылған сумен шаю. Улы заттарды тері және шырышты қабаттардан су ағынымен жуу арқылы кетіру керек.

ГАЗБЕН УЛАНУ

Улы газбен улану көп жағдайда газбен жұмыс жасайтын өнеркәсіптерде және желдетілмейтін орындарда болып жатады.

ГАЗБЕН УЛАНҒАНДА АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Ең бірінші таза ауаға алып шығып қысатын киімдерін шешіп ыңғайлы жағдайға келтіру керек. Тыныс алу жоғалса жасанды дем беру керек. Өте ауыр түрде уланған адамдар тез арада госпитализацияланады, оларда өкпе немесе жүйке жүйесінде ауыр асқыныстар орын алуы мүмкін.

ҚЫШҚЫЛ ЖӘНЕ СІЛТІЛЕРМЕН УЛАНУ

Концентрацияланған қышқыл немесе сілтілермен уланғанда бірінші кезекте ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан кейде кеңірдектің өте ауыр түрде кең көлемді күйі болады, содан кейін өмірлік маңызды органдармен сіңірілуі арқылы қауіп төндіреді.

ҚЫШҚЫЛ ЖӘНЕ СІЛТІЛЕРМЕН УЛАНУ КЕЗІНДЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Қышқылмен улану кезінде өңеш немесе асқазанның перфорация симптомдары болмаса, жуан зондпен магний оксиді (20 г на 1 л жидкости) қосылған 6-10 л жылы сумен шаю керек. Сілтімен улану кезінде асқазанды лимон немесе сірке қышқылы ерітіндісі қосылған 6-10 л жылы сумен жуу керек. Асқазанды жуу уланудан кейін алғашқы 4 сағат ішінде жүргізілуі керек.

Жасанды детоксикация

Жасанды детоксикация әдістері бізге ағзадағы токсиндік улы заттарды азайтуға мүмкіндік береді, ал кейде қажет кезде бауыр және бүйректің қызметін алмастыра алады. Жасанды детоксикацияға Интра- және экстракорпоральды детоксикация, гемодилюция, кан ауыстырып құю, плазмаферез, лимфорея, гемодиализ, ішастарлық және ішектік диализ, гемосорбция, гемофльтрация, плазмосорбция, квантты гемотерапия және т.б әдістер жатады. Осы әдістердің ішінен кейбірі қазіргі уақытта клиникалық токсикологияда (гемосорбция, гемодиализ, гемофльтрация, энтеросорбция, плазмосорбция) кеңінен қолданылады.